

Табиғатымен тамырлас туған талант иесі



Азаттықтың арайлы таңынан бастап елдің санасын сілкінтуге бағытталған батыл бастамалар мен мазмұнды бағдарламалардың байыппен іске асуына ақын-жазушы, кітапханашы, артистер мен архив, музей, өнер ошағындағы өзге де мамандар қосқан үлес өлшеусіз. Бүгінгі 21 мамыр – мәдениет және өнер қызметкерлері күні ерекше күні, мәдениет пен өнер саласына еңбегі сіңген аға буын өкілдеріне айтар алғысымыз шексіз. Қасиетті өлкенің топырағы өскен жеріне, Отанына, халқына шынайы жанашыр ұл – қыздар мен тумасынан ерекше дарын иелерін туғызары сөзсіз.

Жаңаарқа аудандық жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен 19 мамыр күні еліміздің өркендеп-өсуіне, мәдениет биігіне шығармашылық тұрғыдан қызмет етіп, көпке үлгі бола білген ауданымыздың рухани тыныс-тіршілігіне тың серпін беріп, киелі сахна, театр әлемінде жыл сайын өткізілетін ірі мәдени көпшілік шараларының барлығын жоғары креативті талғаммен өткізіп, аудан мәдениетін көтеруге өзіндік қолтаңбасымен зор үлес қосып жүрген Жаңаарқа ауданының мәдени-сауық орталығы директорының орынбасары Әбидинова Сәуле Абайқызымен «Табиғатымен тамырлас туған талант иесі» атты сұхбат өткізілді.

Қоңыр тірліктің ығына жығылып, өзінің сүйікті мамандығы үшін жанқияр әрекетке барған, әрі халықтың ілтипатынан үнемі шабыт алып отыратын еңбегі көлкөсір. Бар өмірін мәдениет саласына арнап келе жатқан өнегелі өмір иесін ұлықтау мақсатында өткізілген сұхбат барысында Сәуле Абайқызы жайында қысқаша ақпарат беріліп, жас оқырмандарымыз қонағымыздың еңбектерінен құлағдар етілді. Еңбек жолы жайлы ақпарат беріліп, оқырмандарымыз тарапынан тартымды сұрақтар қойылып, сырлы сұхбат өтті. Кездесу жастардың кітапхана қонағы Әбидинова Сәуле Абайқызымен естелік суретке түсуімен түйінделді.

**«С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»
КММ–нің жасөспірімдер кітапханасы**